

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің
11.12.2019 жылғы жалпы отырысының
стенограммасынан үзінді көшірме
Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті
Мәжілісінің Төрағасы Н. НИГМАТУЛИН жүргізді.**

**Выписка из стенограммы пленарного заседания
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
от 11.12.2019 года
Вел заседание Председатель
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
Н. НИГМАТУЛИН.**

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, келесі мәселе – «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне көші-қон процестерін реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (бірінші оқылым). Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Біржан Бидайбекұлы Нұрымбетов мырзаға беріледі.

НҰРЫМБЕТОВ Б.Б. Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті депутаттар! Сіздердің қарауларыңызға «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне көші-қон процестерін реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы ұсынылады.

Заң жобасы Қазақстан Республикасы көші-қон саясатының 2017 – 2021 жылдарға арналған тұжырымдамасын және оны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын орындау мақсатында әзірленген.

Заң жобасын қабылдаудың міндеттері көші-қон заңнамасын келесі бағыттар бойынша жетілдіру болып табылады:

- Қазақстан Республикасына келетін этникалық репатрианттар мен қоныс аударушылар үшін қолайлы жағдайлар жасау;

- ел экономикасының қажеттілігін қамтитын жағымды инвестициялық климат құруға бағытталған сыртқы еңбек көші-қонының тиімді жүйесін жетілдіру;

- озық халықаралық тәжірибені ескере отырып көші-қон процестерін реттеу саласындағы нормативтік құқықтық базаны кеңейту және заңсыз көші-қонның жолын кесу, алдын алу.

Заң жобасында Қазақстан Республикасының 3 кодексі мен 10 заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу көзделген.

Енді этникалық көші-қон саласына қандай өзгерістерге келейік.

Біріншіден, қолданыстағы заңнама бойынша этникалық қазақтар оралман мәртебесін алу үшін Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алғанға дейін шет мемлекеттің аумағында тұру фактісін растау қажет. Бірақ оны көп біздің қандас бауырларымыз растай алмайды, әсіресе 1991 жылдан кейін туылғандар. Сондықтан осы оралман мәртебесін алу үшін бұрын Қазақстан

Республикасының азаматтығында болмауы негізгі критеріі ретінде ұсынылады.

Екіншіден, қандас бауырларымызға қолайлы жағдай жасау үшін, сондай-ақ өткізілетін құжаттардың тізбесі қайталануына байланысты өзі ниет білдірген өтініш берушінің тұрақты тұруға рұқсатты және Қазақстан Республикасының азаматтығын алу үшін құжаттарды бір мезгілде беру мүмкіндігі қарастырылады.

Үшіншіден, көшіп-келушілерге бейімделу және ықпалдастыру қызметтерін көрсететін орталықтардың функцияларын қандас бауырларымызға ғана емес, ішкі қоныс аударушыларға да кеңейту ұсынылады.

Өз кезегінде сыртқы еңбек көші-қоны саласына қатысты келесі негізгі өзгерістерді атап кетейін.

Біріншіден, шетелдік жұмыс күшін тарту рәсімін жетілдіру мақсатында шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсаттың әрекетін басқа әкімшілік-аумақтық бірліктерге тарату көзделеді. Бұл жерде ол екі аймаққа алған рұқсаттама үшін сол екі аймаққа да салық алымын төлеуге міндетті болады.

Екіншіден, шетелдік жұмыс күшін тартуға квотаны экономикалық қызмет түрлеріне бөлмей, қызметкерлер санаты категориялар бөлінісінде белгілеу ұсынылады және де еңбек нарығындағы қажеттілігіне жедел ден қою үшін Үкіметтің шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған квотаны белгілеу жөніндегі функцияларын халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органға, яғни Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне беру ұсынылады.

Төртіншіден, заңсыз көші-қонға жол бермеу және көші-қон процестерінің құқықтық базасын кеңейту жөніндегі келесі өзгерістер көзделеді. Мұнда:

біріншіден, ұлттық заңнамада реадмиссияға арналған құқықтық негіздердің жоқтығынан ұлттық заңнамаға реадмиссия туралы халықаралық ережелерді енгізу;

екіншіден, атқарушылық іс жүргізу бойынша берешегі бар адамдардың кетуіне шектеулер көзделген толықтырулар енгізу;

үшіншіден, шетелдіктерді тұрақты тұруға рұқсат беру үшін төрт айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде мемлекеттік баж салығын енгізу;

төртіншіден, Қазақстан Республикасының азаматтығын алу тәртібін жеңілдету үшін 183 күннен кем тұру және әкімшілік құқық бұзушылықтардың болуы бойынша заңнамалық нормалар қолданылмайтын адамдар санатын айқындау.

Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті депутаттар! Жобаны іске асыру республикалық бюджеттен қосымша қаржы шығындарын талап етпейді және теріс әлеуметтік-экономикалық немесе құқықтық салдарларға алып келмейді.

Осыған байланысты, құрметті депутаттар, сіздерге бірлесіп жұмыс істеп, берген ұсыныстарыңыз үшін алғысымызды білдіргіміз келеді.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет. Баяндама аяқталды.

Енді сұрақ беру рәсіміне көшеміз. Сөз депутат Кесебаева Балаим Туғанбайқызына беріледі.

КЕСЕБАЕВА Б.Т. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Менің сұрағым баяндамашыға және Әділет министрінің өкіліне арналады.

Қаралып отырған заң жобасында егер азаматтар борышкер болып табылса, олардың тұрақты тұру мақсатында шетелден кетуіне қосымша шектеулер енгізіліп отыр. Ал Конституциямызға сәйкес азаматтар өзінің тұрғылықты жерін таңдауға, елден тыс жерлерге кетуге және елге ешқандай кедергісіз қайтып келуге құқылы.

Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек және құқықтық қатынастар туралы Минск конвенциясына сәйкес басқа мемлекет аумағында сот шешімін тану және оны орындау рәсімдері көрсетілген.

Осыған байланысты, Біржан Бидайбекұлы, айтыңызшы, Минск конвенциясы шеңберінде немесе басқа да халықаралық шарттар шеңберінде борышкерлердің елден кетуіне шектеу қоймай, олардың берешегін басқа елде алатын табыстарынан немесе мүліктерінен өндіріп алуға болмай ма? Бұл бойынша Әділет министрлігінің өкілінің де жауап беруін сұраймын.

Негізінен айту керек, сіздер осы норманы негіздеген кезде «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексінің 174-бабына сәйкес келтіру үшін деп негіздейсіздер, бірақ онда тек алимент төлеу борышкерлері айтылған. Ал сіздер атқару өндірісі бойынша барлық борышкерлерге шектеу енгізіп отырсыздар.

ТӨРАҒА. Біржан Бидайбекұлы, Сізден бастайық.

НҰРЫМБЕТОВ Б.Б. Минск конвенциясы 1994 жылы күшіне енген. Ол жерде, расында да, келісімнің тараптары ерікті, ешқандай кедергісіз басқа елдің сотына, прокуратурасына азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер жөнінде жүгініп талап қоюға толық мүмкіндігі бар. Және де басқа тарап екінші тараптың әділет органдарының азаматтық, отбасылық және қылмыстық істері жөнінде шешімдерін қабылдап, орындауға тиісті. Егер осыған жүгінетін болсақ, онда шетелге шығып кеткен азаматтың тұрғылықты жері бойынша өндіруге болады. Минск конвенциясы, біріншіден, ол тек ТМД елдеріне ғана қолданылады, екіншіден, Әділет министрлігіндегі әріптестеріміздің түсіндіруі бойынша, барлық құжаттар ол жерде толық қарастырылмаған.

Көші-қон заңнамасының 56-бабына енгізілетін норманы «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексінің 174-бабында осындай шектеу тұрғанын ескере отырып, соны сәйкестендіру мақсатында жасағанбыз. Бірақ заң жобасын әзірлеу кезінде басқа мемлекеттік органдар бұл шектеуді тек алиментке ғана емес, сот орындаушыларының талаптарына да енгізетін деді, біз онымен келісіп, заң жобасына енгіздік.

ТӨРАҒА. Пожалуйста, Пан Наталья Виссарионовна.

ПАН Н.В. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайруллаевич.

Спасибо за вопрос. Следует начать с того, что Конституция не относит право на выезд и беспрепятственное возвращение к тем правам, которые не могут быть ограничены ни в каких случаях.

Пункт 3 статьи 39 Конституции говорит о таких правах. Права на судебную защиту, недискриминацию, пользование родным языком, культурой к таким правам не относятся. Поэтому законно мы можем регулировать порядок и условия реализации этого права.

Что касается Минской конвенции, то она охватывает не весь перечень судебных решений, которые могут исполняться на договаривающейся стороне. Там только акты органов юстиции по нотариальным делам, включая мировые соглашения и нотариальные сделки, и решение судов по уголовным делам. Нам этих норм может не хватить, именно поэтому такой подход был реализован в Кодексе «О браке (супружестве) и семье», когда был установлен запрет на выезд должника при наличии задолженности по алиментам. Поэтому здесь противоречий не усматриваем, норма обоснованная, направленная на защиту прав взыскателя.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Сөз депутат Қаракен Құралай Әнуарқызына беріледі.

ҚАРАКЕН Қ.Ә. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайруллаевич.

Уважаемый Биржан Бидайбекович! Как Вы отметили, законопроектом в статью 618 Налогового кодекса вносится дополнение, которое предусматривает установление государственной пошлины за оформление иностранцем и лицом без гражданства документов на выдачу разрешений на постоянное проживание в нашей стране в размере 4 месячных расчетных показателей.

Я поддерживаю это нововведение, но, скажите, пожалуйста, из какого расчета установлен размер этой госпошлины в 4 месячных расчетных показателях, который составляет более 10 тысяч тенге, тогда как наши граждане за получение паспорта оплачивают пошлину в размере 8 МРП, это более 20 тысяч тенге? Спасибо.

НҰРЫМБЕТОВ Б.Б. Данным законопроектом мы предложили увеличить пошлину за изготовление вида на жительство (сегодня оплачивается 0,2 МРП, это порядка 480 тенге) до 4 МРП. Здесь было предложение наших коллег из Министерства внутренних дел, потому что они посчитали, что себестоимость этого документа – изготовление вида на жительство – намного дороже, более 4 тысяч. Если у нас в стране ежегодно оформляются порядка 24 тысяч документов (вид на жительство), из них около 10 тысяч – этнические казахи, освобожденные от этой пошлины, то, получается, как раз установление пошлины в размере 4 МРП закрывает все расходы государства по изготовлению данного документа – вид на жительство.

Касательно паспортов Казахстана. У нас удостоверение личности 480 тенге – 0,2 МРП, а паспорт – 8 МРП, видимо, это связано с себестоимостью самого изготовления паспорта в отличие от вида на жительство.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Айсина Майра Арапқызына беріледі.

АЙСИНА М.А. Большое спасибо, уважаемый Нурлан Зайруллаевич.

Уважаемый Биржан Бидайбекович! Как Вы сейчас отметили, законопроектом предлагается центры адаптации и интеграции оралманов наделить дополнительными функциями по оказанию услуг внутренним переселенцам из трудоизбыточных в трудодефицитные регионы.

Надо отметить, что, во-первых, центры адаптации и интеграции оралманов у нас имеются только в четырех регионах – Мангистауской, Карагандинской, Туркестанской областях и в городе Шымкенте, а внутренние переселенцы у нас направляются в Восточно-Казахстанскую, Костанайскую, Павлодарскую и Северо-Казахстанскую области, где таких центров нет.

Во-вторых, данные центры оказывают образовательные, то есть обучение языку, медицинские, социальные услуги и юридические консультации, но, на наш взгляд, у внутренних переселенцев в получении этих услуг особой необходимости нет.

В-третьих, Вы сейчас отметили, да и в пояснительной записке законопроекта указано, что дополнительных средств при этом не требуется, а мы считаем, что увеличение количества людей в таких центрах потребует все-таки дополнительных расходов.

В этой связи скажите, пожалуйста, насколько целесообразно дополнять функции центров адаптации и интеграции оралманов еще функциями по оказанию услуг внутренним переселенцам? И кем будут выполняться функции по адаптации и интеграции внутренних переселенцев в тех регионах, где их центров просто нет?

НҰРЫМБЕТОВ Б.Б. Я согласен с Вами.

Насчет целесообразности введения. У нас была принята концепция миграционной политики на 2017 – 2021 годы и там было прописано, что центры адаптации и интеграции оралманов будут оказывать услуги не только оралманам, но и внутренним переселенцам. Поэтому во исполнение этой концепции мы предложили эту норму. Мы предложили, чтобы центры адаптации и интеграции помогали и нашим внутренним переселенцам по правовым вопросам, оформлению документов, даче консультаций. Но согласен с Вами, что центров адаптации и интеграции у нас в стране очень мало, не четыре, а уже три – в Туркестанской области, Шымкенте и Караганде, рассчитаны на 431 место. Сегодня там 136 тысяч человек проживает, а в регионах, которые Правительство определило, таких центров нет. Но мы, внося эти изменения, во-первых, исполняли концепцию, с другой стороны, мы хотели заложить правовую основу, которая предусмотрена в концепции.

На сегодня, я согласен с Вами, вполне успешно функции по приему переселенцев, оралманов, их консультации осуществляет Управление

координации занятости социальных программ, в том числе центры занятости на местах.

ТӨРАҒА. Біржан Бидайбекулы, мысалы, басқа шетелден көшіп келген біздің ағайындар болса, әрине, оларды ортаға үйретіп, ең алдымен заңдық және құқықтық көмек көрсету керек. Ол түсінікті. Ал Қазақстанның ішінде бір облыстан бір облысқа көшкен азаматтар үшін қандай орталық жасауымыз керек. Концепцияда бар дейсіз. Бұл өздерінің туған жері, өскен ортасы. Сама практика же показывает, что внутренним переселенцам услуги центров адаптации и интеграции не нужны. Они граждане нашей страны, пользуются всеми этими же условиями, в каком бы уголке нашего Казахстана они не жили. Переезжают на новое место жительства. Вчера только 22 года исполнилось переезду в Астану. Некоторые в этом зале сидят, кто переезжал. Так интегрировали, что их от коренных целиноградцев сейчас не отличишь. Никаких центров не проходили. Или, к примеру, семья переезжает из Туркестанской области в северную область, она же не едет в неизвестность. Они знают, где будут жить, где будут работать. В промежуточной инстанции, коей является центр адаптации и интеграции, они, наверное, не нуждаются.

Сейчас депутат Айсина правильно ставит вопрос. Для этого дополнительные деньги закладываются. В концепции так было написано. От Вас другого аргумента я не услышал, Біржан Бидайбекович.

Концепция деген не? Это то, что истина в последней инстанции. Надо же было вникнуть, посмотреть. Поэтому надо до второго чтения еще раз досконально рассмотреть целесообразность нормы о расширении функций этих центров, тем более, повторяю, что эта норма тащит за собой увеличение финансирования.

И вообще, коллеги, в целом, наверное, нам пора кардинально реформировать работу данных государственных учреждений, чтобы их деятельность соответствовала современным реалиям. Жизнь меняется, а мы как к 2017 году концепцию утвердили, как видите, так она и есть.

Біржан Бидайбекович, давайте до второго чтения изучим. Хорошо?

НҰРЫМБЕТОВ Б.Б. Түсіндім. Келісемін.

ТӨРАҒА. Тағы қарап шығайық. Осы орталықтарды бүгінгі күнге сай жасауымыз керек.

Сөз депутат Мамраев Бейбіт Баймағамбетұлына беріледі.

МАМРАЕВ Б.Б. Рәкмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Менің сұрағым Ішкі істер министрлігінің өкіліне.

Сіздің ведомствоңыздың мәліметі бойынша шетелдіктердің Қазақстанның көші-қон саласындағы заңнамасын 2016 – 2018 жылдары бұзу динамикасы, тұтастай алғанда, өзгерген жоқ. Сонымен қатар азаматтығы жоқ адамдардың көші-қон заңнамасын бұзу динамикасы едәуір өсіп отыр.

Статистика көрсетіп отырғандай, егер 2016 – 2018 жылдары азаматтығы жоқ адамдар саны 1,2 есеге ғана ұлғайған болса, азаматтығы жоқ адамдар жасаған бұзушылықтардың саны 4,5 есеге өскен. Осыған байланысты сұрақтарым бар.

Азаматтығы жоқ адамдар жасаған бұзушылықтардың өсуі немен байланысты? Министрлік бұзушылықтардың жолын кесу үшін қандай шаралар қабылдауда? Рақмет.

ТӨРАҒА. Марат Шадетханұлы Қожаев.

ҚОЖАЕВ М.Ш. Рақмет.

Статистика бойынша 2016 – 2019 жылдары көші-қон заңнамасын бұзған адамдардың саны азаюда. Бірақ азаматтығы жоқ адамдардың заң бұзуы аздап өскен. Оның себебі бар. Бізде 7 мыңнан астам азаматтығы жоқ адамдар бар. В основном масса совершенных правонарушений – это нарушения проживания в Республике Казахстан, то есть без регистрации, без документов, не в месте своей регистрации, по недействительному удостоверению или утеря удостоверения лица без гражданства. То есть это все правонарушения, выявляемые нами в ходе рейдовых и проверочных мероприятий. Эти составы преступлений в целом в осложнении миграционной обстановки никакой роли не играют. В основном мы выявляем, ставим на учет как правонарушителей и принимаем меры к тому, чтобы эти граждане соблюдали законодательство.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Сөз депутат Звольский Сергей Адамовичке беріледі.

ЗВОЛЬСКИЙ С.А. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайруллаевич.

Уважаемый Биржан Бидайбекович! Законопроектом предусматривается передача от Правительства в Министерство труда и социальной защиты населения компетенции по установлению региональных квот переселенцев и квот на привлечение иностранной рабочей силы.

С передачей компетенции по установлению региональной квоты переселенцев можно согласиться, однако компетенцию по установлению квоты на привлечение иностранной рабочей силы, на мой взгляд, следует сохранить за Правительством.

Вовлечение иностранной рабочей силы на предприятия нашей страны имеет большое социальное и политическое значение. Поэтому полагаю, что Правительству нельзя ослаблять контроль, нужно и далее уделять этому вопросу особое внимание.

В этой связи депутатами внесена поправка о сохранении компетенции Правительства по установлению квоты на привлечение иностранной рабочей силы.

Биржан Бидайбекович, скажите, пожалуйста, какова Ваша позиция по данной поправке? Спасибо.

НҰРЫМБЕТОВ Б.Б. Действительно, поправка была внесена, в Правительстве рассмотрели этот вопрос и заключением Правительства попросили оставить. Мы руководствовались Указом Президента от 2014 года по разграничению полномочий между государственными уровнями власти, где за Правительством остается разработка основных направлений социально-экономической политики, а за центральными исполнительными органами – утверждение нормативных правовых актов по реализации этой политики.

Исходя из этого, мы решили, что эту компетенцию нужно передать Министерству труда и социальной защиты населения.

Насчет ослабления контроля, как Вы говорите. Здесь передается функция по определению и утверждению квоты, то есть на основании решений комиссий местных исполнительных органов определять количественный показатель, но сам порядок, как эта квота определяется, как она утверждается, остается в компетенции самого Правительства. Есть правила, есть жесткие требования, чтобы эту квоту утвердить на уровне комиссии, должны быть жесткие требования. При рассмотрении этих заявок сначала прогнозируют внутренний рынок труда, в первую очередь удовлетворяют потребность за счет кадров, которые есть на отечественном рынке, включая переподготовку, учитывается высвобождение работников, учитывается уровень безработицы. Поэтому контроль за Правительством в части определения порядка остается, министерству передается утверждение количественного показателя самой квоты.

ТӨРАҒА. В настоящее время указанная квота, которая составляет примерно 50 тысяч человек в год, ежегодно устанавливается, я так понимаю, постановлением Правительства?

НҰРЫМБЕТОВ Б.Б. Да.

ТӨРАҒА. Чтобы вносить изменения в квоту, необходимо менять постановление Правительства?

НҰРЫМБЕТОВ Б.Б. Да.

ТӨРАҒА. Мы с вами, коллеги, знаем, что на это уходит два-три месяца, а недавно рассматривали вопрос, когда для того, чтобы написать страницу постановления, завизировать в госорганах и подписать, ушло девять месяцев. Поэтому в рамках полномочий министерства можно этот вопрос решать более оперативно.

Не хочу ни на кого давить, но думаю, что это как раз тот случай, когда нам надо согласиться с правительственным вариантом. Тем более, что министр сейчас справедливо сослался на Указ Главы государства в отношении реализации разделения полномочий между министерством и Правительством, будет повышение ответственности министра. До второго чтения еще раз вернемся к этому вопросу и изучим.

Сөз депутат Смағұлов Асылбек Айжарықұлына беріледі.

СМАҒҰЛОВ А.А. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Менің сұрағым Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің өкіліне арналады.

«Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы туралы» Занның 40-бабына сәйкес шетелдіктердің және азаматтығы жоқ адамдардың шекаралық аймаққа кіруіне арналған талаптарының бірі Ішкі істер министрлігі беретін тиісті рұқсаттама алу болып табылады. Демек, рұқсаттама алған адамдар есепке алынады және арнаулы органдар оларға қатысты тексеру жүргізеді.

Алайда заң жобасында аталған рұқсаттама алу қажеттігін алып тастау ұсынылып отыр. Әзірлеуші мұны туризмді дамыту қажеттігімен байланыстырады.

Айтыңызшы, шекаралық аймаққа рұқсаттаманы алып тастау шекаралық белдеу күзетінің әлсіреуіне алып келмей ме?

ТӨРАҒА. Генерал Ділманов.

ДІЛМАНОВ Д.А. Сұрағыңызға рақмет.

В начале обсуждения данного законопроекта позиция Пограничной службы была в том, чтобы оставить, но в ходе изучения мы пришли к такому выводу, что уже 112 объектов или 112 районов, куда мы допускаем, позволяют нам говорить о том, что имеем полную возможность совместно с Министерством внутренних дел контролировать эту ситуацию и необходимости получения пропуска иностранным гражданам в пограничные зоны нет.

Поэтому сегодня мы можем сказать, что на национальную безопасность и безопасность Государственной границы это не повлияет.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Құрметті әріптестер, сұрақтарымыз аяқталды.

Біржан Бидайбекұлы, рақмет Сізге. Орныңызға отырыңыз.

Енді қосымша баяндама жасау үшін сөз Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің мүшесі депутат Мұсырман Кәрібай Иманжанұлына беріледі.

МҰСЫРМАН К.И. Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті әріптестер! «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне көші-қон процестерін реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы көші-қон заңнамасын одан әрі жетілдіруге бағытталған.

Біріншіден, бұл тарихи Отанына оралатын этникалық қазақтар мен елдің жұмыс күші артық өңірлерінен жұмыс күші тапшы өңірлерге қоныс аударушылар үшін неғұрлым қолайлы жағдай жасау. Мысалы, «Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы» Заң мынадай мазмұндағы нормамен толықтырылады: «Оралмандардың оңайлатылған (тіркеу) тәртіппен тұрақты тұруға рұқсат алуға және Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдануға бір мезгілде құжаттарды тапсыруға құқығы бар». Бұл жаңашылдық қандастарымызды азаматтық алу кезінде артық әуре-сарсаңнан құтылуына көмектесуі тиіс.

Екіншіден, заң жобасында қолайлы инвестициялық ахуал қалыптастыруға және еңбек ресурстарының сапасын арттыруға бағдарланған ішкі және сыртқы еңбек көші-қоны жүйесін жетілдіру қарастырылып отыр.

Осы мақсатта Үкіметтің қандастарымыз бен қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасын белгілеу, сондай-ақ шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған квотаны белгілеу және бөлу жөніндегі функцияларын халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті органға беру көзделген.

«Халықтың көші-қоны туралы» Заңға мұндай түзетулер енгізу этникалық және ішкі көші-қон ағындарының өзгеруіне жедел ден қою, сондай-

ақ жұмыс берушілердің шетелдік жұмыскерлерге қажеттілігін қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қабылдау процесін жеделдету қажеттігіне негізделген.

Еңбек кодексі еңбек шартын жасасу үшін «Қазақстан Республикасының көші-қон және халықты жұмыспен қамту туралы заңнамасында көзделген жағдайларда шетелдіктердің немесе азаматтығы жоқ адамдардың өз бетінше жұмысқа орналасуы үшін біліктілігінің сәйкестігі туралы анықтамасының» болуын талап ететін нормамен толықтырылады.

Үшіншіден, заң жобасында көші-қон процестерін реттеу және заңсыз көші-қонға қарсы күрес саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдар қызметінің құқықтық негізін жетілдіру көзделіп отыр.

Осы мақсатпен заң жобасында:

шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар үшін Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат бергені үшін мемлекеттік баж салығын енгізу;

атқарушылық іс жүргізу бойынша берешегі бар адамдардың тұрақты тұруға көшіп кетуіне шектеу енгізу;

реадмиссияға жататын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды ішкі істер органдарының арнайы мекемелерінде орналастыру ұсынылып отыр.

Заң жобасының таныстырылымы үстіміздегі жылғы 27 маусымда Парламент Мәжілісі депутаттарының, мемлекеттік органдардың, «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының, Кәсіподақтар федерациясының, Халықаралық көші-қон ұйымының, Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының, үкіметтік емес ұйымдардың өкілдерінің, белгілі қоғам қайраткерлері мен сарапшылардың қатысуымен өтті. Олардың басым бөлігі заң жобасын талқылау жөніндегі жұмыс тобына кіргізілді.

Жұмыс тобының он бес отырысы болып өтті, онда депутаттар енгізген 70-тен астам түзету талқыланды. Мемлекеттік бюджеттен қосымша шығындарды талап ететін немесе тұжырымдамалық сипаты бар түзетулердің үш топтамасы тиісті қорытындылар алу үшін Үкіметке жіберілді.

Парламент Мәжілісінің барлық комитеті заң жобасы бойынша оң қорытынды берді. Сондай-ақ Әлеуметтік-мәдени даму комитеті өз отырысында осы заң жобасын қарап, оны мақұлдау және бірінші оқылымға шығару туралы шешім қабылдады.

Бүгінгі талқылау барысында депутаттар айтқан барлық ескертулер мен ұсыныстар біздің заң жобасы бойынша атқаратын алдағы жұмысымызда ескерілетін болады. Сол үшін баршаңызға алғыс білдіремін.

Құрметті әріптестер, сіздерден қаралып отырған заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдауды сұраймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Кәрібай Иманжанұлы.

Енді, құрметті депутаттар, заң жобасын талқылауға көшеміз. Сөз депутат Сұлтанов Қуаныш Сұлтанұлына беріледі.

СҰЛТАНОВ Қ.С. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті депутаттар! Заң жобасы біздің мемлекетіміздің бүгінгі өміріндегі әлеуметтік процестердің ең бір сезімтал, қоғамда әртүрлі

қайшылықты сөз айтылуына себеп болып жүрген жағдайға қатысты болғандықтан, Мәжілісте бірнеше ай бойына жұмыс тобында жан-жақты қаралып, сарапталып, талқыланды. Әріптесіміз Кәрібай Иманжанұлы Мұсырман айрықша жауапкершілікпен басқарған жұмыс тобы осы заңға қызығушылық білдірген үкіметтік емес ұйымдар өкілдеріне, бүкіл қоғамға, халықаралық сарапшыларға, бұқаралық ақпарат құралдарына мейлінше ашық болды. Шынайы жанашырлықпен келем деген адам келді, сөйлеймін, пікір айтам деген адам сөйледі. Ортаға салынған ұсыныс, пікірлердің орындылығы, қажеттілігі, тиімділігі барынша ескерілді.

Заңды бірінші оқылымда қабылдайтын толық мүмкіндігіміз бар, сондықтан да заң жобасын қолдаймын.

Заңға жазыла бермейтін, бірақ адамдардың қарым-қатынасында, сол заңды орындауда көз алдында тұратын кейбір көріністерге әріптестерімнің, қоғамның, атқарушы биліктің, әсіресе мемлекеттік қызметкерлердің, бұқаралық ақпарат құралдарының назарын аударсам деймін.

Заң бұдан бұрынғы заңдардай негізінен заман талабына сай әрі адам құқығы жан-жақты ескеріліп жасақталғанын айту керек. Мәселе заңды бұрмаламай орындау тәртібін қалыптастыруға толық жете алмай жүргенімізде. Құзырлы мекемелер осы жағын ұйымдастыруға мән беріп, алдағы уақытта өз қызметкерлерінің кәсіптік деңгейін, адамдармен сөйлесу мәдениетін жақсы жағына өзгертуге міндетті.

Заң жобасында «оралман» сөзін «қандастар» деп ауыстыру көзделуде. Ел Президенті Қасымжомарт Кемелұлы «қандастар» деп паракшасында да пікір білдірді. «Бауырластар», «отандастар» деген балама ұғымдар да айтылды. Ондағы негізгі мақсат, кейбіреулер ойлағандай, Президент сөзіне қарсы пікір таластыру емес, мағыналық сөз таңдау, бұл сөздің халқымыз үшін маңыздылығын, ерекшелігін, жақындығын, болашаққа деген ынтымағын көрсету ниетінің көрінісі. Президенттің «қандастар» деген жақындық сөзі бұл ұғымға жаңа салмақ, жаңа мазмұн беріп тұрғандықтан толықтай қолдаймын. Жұмыс тобында да осылай болды. Жаңа ұғым қандастарымыздың біздің елге келуіне жаңа серпін беретініне де сенгіміз келеді.

Шет елдерден тұрақты тұруға келген азаматтарды біздің елімізде қабылдағанда көші-қон департамент қызметкерлері, мемлекеттік қызмет көрсету мекемелері, әкімдіктер заң аясында мемлекеттік жоғары мәдениет тұрғысынан жылы шыраймен қарсы алып, бауырлық ықылас көрсетулері тиіс. Мемлекеттің келбетін шекара, кеден қызметкерлерінен бастап, көші-қон мекемелерінде, әкімдіктерде елім, жерім деп келген бауырларға дөрекі сөз, тоңтеріс, бюрократтық мінез емес, жылы шырай, шынайы адамгершілік, тазалық, адамдардың құқығына құрметпен қарау ауанын көрсетуді жолға қойсақ, мемлекетіміздің дәрежесін, өз ұлтымыздың мәртебесін өсірер едік.

Мемлекеттік тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдарында осылай жасалған, қолдан келеді. Бұл эмоциялық талап емес, осылай болуы керек.

Қандастарымыз да санасымен, көңілімен елім, жұртым, ата қонысым деп аңсап, ата-бабалар жеріне, елге, оның заңдарын сыйлап, дәстүрін құрметпен сезініп, келгені жөн.

Көші-қон тек басқа елдерден келетін қандастарымызбен шектелмейді. Ел ішінде де бұл жағдай үнемі қозғалыс үстінде.

Қазір оңтүстіктен, тағы басқа тұрғындар тығыз орналасқан өңірлерден солтүстік, орталық өңірлерге, әсіресе қара топырақты, шұрайлы мекендерге көшіп, орналасып, сол жерлерді игеруге ниет білдірген адамдар да шынайы қолдауға зәру.

Шет елдерден келетін қандастарымызға да солтүстік өңірлерге келіп, ата қонысты игеруге ел болып жұмылудың мемлекет болашағына маңыздылығын түсіндіру қажет. Ел астанасының Арқаға көшуінің басты себебінің бірі де осы қара топырақты Ұлы дала кеңістігін болашақ ұрпақтың игілігіне жарату болғанын естен шығармағанымыз жөн.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Қуаныш Сұлтанұлы.

Басқа талқылауға жазылған депутаттар жоқ. Сонымен, құрметті әріптестер, талқылау барысында бір ғана ұсыныс түсті, ол – заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдау. Қарсылықтарыңыз жоқ болса, онда, осы ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Шешім қабылданды.

Қаулының жобасы сіздерде бар, сол бойынша да дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 101, «жақтағандар» – 101. Қаулы қабылданды.



Дүрме: құжаттаманың қалғандарын ету бөлімінің секретарі менгерушісі Майя Н. Майынтаза.